

Түркістан облысы
Сайрам ауданы білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай бақшасы
«Балапан» ортаңғы тобы




Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Тақырыбы:

«Көшеде жүру ережелері» ойын-сауық

Тәрбиеші: Сатимова А.

2023-2024 оқу жылы



Тақырыбы: «Көшеде жүру ережелері» ойын - сауық

Мақсаты: Жалпы жол белгілерімен балаларды таныстыруды жалғастыру, жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылығы: Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру.

Тәрбиелігі: Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер: жол белгілері, бағдаршам, ойыншық көліктер.

Тәрбиеші балалармен амандасып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бастайды.

Тәрбиеші: Құрметті балалар, біз бүгін жолда жүру ережесін қаншалықты білеміз, жол белгілерін айыра аламыз ба?, өз өміріміздің қауіпсіздігін сақтай аламыз ба?, осы тақырыпта ой бөлісеміз.

Мен сендерге жұмбақ жасырайын:

1. Үш көзі бар қаз – қатар,

Кезек – кезек ашады.

Үшеуінен байқасам,

Үш түсті нұр шашады. (Бағдаршам)

2. Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өміріңді күзеткен,

Ысқырықпен түзеткен. (жол полиция қызметкері)

3. Көше бойлап аяңдайды,

Адам тасып аялайды. (Автобус)

4. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)

Муслима:

«Жүргінші, жүргінші,

Есінде болсын көше қиылысы.

Ерасыл:

Қай көше, қай қалаға барасыңыз да,

Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.

Жол жүру ережесін заңды тәртіп,

Ол ортақ! Үлкен - кіші баршамызға.

Бір бала жол полиция қызметкерінен қашып ішке жүргіріп келеді, артынан полиция қызметкері қуып кіреді.

- Азамат, тоқта дедім ғой саған

Бала ентігін баса алмай:

Иә, иә не болды қорқып кеттім ғой.

- Азамат, жол бойында жүріп бара жатқан машинаға жабысуға болмайды, сен көше тәртібін бұздың.

Жүргізуші: Кешіріңіз енді бұл баламыз олай жасамайтын болады.

Қимылды ойын: «Қасқыр мен Қоян»

Қоян:

- Ой, Қасқыр саған не болған?

Қасқыр:

- Ештеңе болған жоқ.

- Онда аяғын неге ақсаңдап қалған?

- Ой қоян, сенен ешнәрсе де жасыра алмайды екенсің. Көлікке жабысамын деп...

- Сен не көлікке жабысып жүрсің бе?

- Иә.

- Жүріп бара жатқан көлікке жабысуға болмайтынын білмейсің бе?

- Баратын жеріме тез жетейін деп....

Тез жетейін деп өзіңе не болғанын көрдің бе?

- Көрдім.

- Көшеде қалай болса солай жүруге, көліктерге жабысуға болмайды ғой.

- Ал егер асығып тұрсам ше?

- Қаншалықты асығып тұрсаң да, жол ережесін сақтау керек.

- Жол ережесін?

Жүргізуші: иә, жаяу жүріп бара жатқан адамдарға, жүргізушілерге

арналған ережелер болады. Сол ережелерді сақтау керек. Жол ережесін сақтамағандарға айыппұл салады, ең қорқыныштысы сен сияқты жарақат алады.

Ойын: «Жол ережесін білесін бе?»

Шарты: Балалар велосипедпен жаяу жүргіншілер жолына дейін барып, велосипедтен түсіп, жаяу жүргіншілер жолын өту.

Жүргізуші: Бағдаршам жол тәртібін реттейтін белгі. Бағдаршам болмаса жолда жүру тәртібі бұзылады. Енді сендердің зейіндерді тексеріп көрейін. Бағдаршамның қызыл көзі жанса - тыныш отырыңдар, сары көзі жанса – шапалақтаңдар, ал жасыл көзі жанса – аяқтарыңмен жүруді бейнелеңдер. Балаларды мақтап мадақтау арқылы қорытындылау.



«Жол жүру ережелері» ойын-сауық барысында

